

Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінісінен зардап шеккен экологиялық апат аймақтары мен аудандарда руда базалары мен құрылыс объектілерін дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 31 тамыз 1993 ж. N 762. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Түсті металлургия кәсіпорындарының шикізат базасын дамыту және жұмыстардың экономикалық тиімділігін арттыру, Шығыс Қазақстан облысының құрылыс материалдарына деген қажеттілігін толық қанағаттандыру, сондай-ақ аймақта экологиялық және әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының өз қаражаттарының және шетел кредиттерін тарту есебінен Шығыс Қазақстан облысында жер сілкінісінен зардап шеккен экологиялық апат аймақтары мен аудандарда рудалық базаның құрылысы, құрылыс индустриясы және денсаулық сақтау жөніндегі инициативасы N 1 қосымшаға сәйкес мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі валюта кредитін рәсімдеу жөніндегі құжаттарды сараптаудан өткізсін. 150 млн. АҚШ доллары сомасына кредиттік келісім бойынша өкімет кепілдігін рәсімдеу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзімде кредитті алу және мерзімінде өтеу шарттары жөнінде қорытынды тапсырсын.

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне шетел кредиттерін өтеу жөнінде тиісті к е п і л д і к т а п с ы р с ы н .

3. "Қазақстан Республикасының Уақытша импорттық кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 28 қарашадағы N 1000 Жарлығының 7-тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша осы қаулыға қоса берілген N 1 қосымшада көрсетілгендей құрылыс объектілерін қамтамасыз ету үшін импорттық материалдарға, жабдықтарға, құрылыс техникаларына кедендік баж салығын ж о ю ғ а р ұ қ с а т е т і л с і н .

4. "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына N 2 қосымшаға сәйкес көлемде осы құрылыстардағы құрылысты қаржыландыру мен кредиттерді өтеуді қамтамасыз ететін баспабас операцияларды іске асыру үшін қажетті түсті металдарға жыл сайын экспортқа шығару квотасы тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі белгіленген квоталарға сәйкес "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына міндетті түрде Министрлік жанындағы арнайы сыртқы сауда компаниясы арқылы тауар өнімдерін сатуға баспабас лицензиясы берілсін.

(5 - т а р м а қ) < * > .

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.08.15. N 904 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қаржы бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеті "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының түсті металдардың экспортынан алынған жеңілдікті валюталық қаржылардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын. Объектілерді қаржыландыруға және мақсатты кредиттерді өтеуге бағытталған, жылдық өтемдер кестесінен тыс сомадан құралатын өнімдерді сатудан түскен в а л ю т а т ү с і м д е р і н е н кедендік баж салығы алынады және белгіленген тәртіп бойынша міндетті түрде сатылуға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 3 1 т а м ы з д а ғ ы
N 7 6 2 қ а у л ы с ы н а
N 1 қ о с ы м ш а

**Шығыс Қазақстан облысындағы руда базаларының,
құрылыс индустриясы және денсаулық сақтау
объектілерінің
Т і з б е с і**

(Кесте)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 3 1 т а м ы з д а ғ ы
N 7 6 2 қ а у л ы с ы н а
N 2 қ о с ы м ш а

**Баспабас негізде сату үшін "Өскемен қорғасын-мырыш
комбинаты" акционерлік қоғамына бөлінетін
түсті металдардың
Экспорттық квоталық көлемі**

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК